

ӘОЖ 316.61

Г.О. Әбдікерова\*, М.К. Шынарбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*E-mail: a.gulnapis@mail.ru

**Қазіргі тұлғаның әлеуметтену ерекшеліктері**

Қазақстан қоғамының барлық салаларындағы прогрессивтік әлеуметтік өзгерістер басқа да факторлармен қатар, модернизация ұғымымен байланысты. Модернизация Қазақстанды социумды басқарудың командалық-әкімшілік әдістерінен барлық өркениетті елдерде қолданылып отырған индустриалды-инновациялық әдістерге бағыттау мақсатын көздейтін түбегейлі саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістер жүргізумен байланысты. Жаңарудың басты ерекшелігі – мемлекеттің ұлттық мүддесіне негізделген өзіндік стратегиясы мен тактикасының болуы.

Қазіргі тұлғаға қоғам тарапынан ұлттық мақсаттарға сапалық жағынан сай келетін қабілеттіліктер мен дағдыларды қалыптастыру секілді үлкен міндет жүктелген. Тұлғаның дамуы қоғамның дамуымен тығыз байланысты. Қоғамның жаңа өркениетті сатыға көтерілуі өз кезегінде тұлғада жалпыадамзаттық, гуманистік үлгілерге сәйкес сапалық қасиеттердің қалыптасуын әкеледі.

Тұлғаның дамуындағы басты тенденция оның әлеуметтік құбылыстардың объектісінен субъектісіне айналуы. Қоғамның инновациялық мүмкіншіліктерін ескере отырып, тұлғаны дамытуда ұлттық құндылықтардың да рөлін атап өту керек.

Мақалада бірқатар әлеуметтанушылардың көзқарастары мен теориялары талданған.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік өзгерістер, тұлға әлеуметтенуі, әлеуметтену агенттері, әлеуметтік факторлар, әлеуметтік рөл, әлеуметтену үрдісінің механизмдері.

G.O.Abdikerova, M.K. Shnarbekova

**Features of nationalization of the modern person**

Progressive social changes which going on in all spheres of life of Kazakhstan`s society and other social factors associated with concept of modernization. Modernization engulfs all complex of political, economic, social and cultural transformations, which going with the purpose of pereorientacii of Kazakhstan from the command-administrative methods of management society to the in-use in the entire civilized countries industrial-innovative methods.

**Keywords:** social changes, socialization of the person, agents of socialization, social factors, mechanisms of socialization of the person.

Г.О. Абдикерова, М.К. Шнарбекова

**Особенности социализации современной личности**

Прогрессивные социальные изменения, происходящие во всех сферах жизни казахстанского общества, наряду с другими факторами, связаны и с понятием модернизации. Модернизация охватывает весь комплекс политических, экономических, социальных и культурных трансформаций, происходящих с целью переориентации Казахстана от командно-административных методов управления социумом к используемым во всех цивилизованных странах индустриально-инновационным методам.

**Ключевые слова:** социальные изменения, социализация личности, агенты социализации, социальные факторы, механизмы социализации личности.

«Әлеуметтену» ұғымы қазіргі кезеңде кеңінен таралып, тек қана әлеуметтану ғылымында емес, сонымен бірге психология, педагогика, этнология, криминалистика, әлеуметтік жұмыс, дінтану және басқа да қоғамдық ғылымдар саласында қолданылады. Тұлғаның түрлі теорияларының негізін құрайтын әлеуметтену процесінің көптеген парадигмалары қатар өмір сүріп келеді. Әлеуметтену процесін зерттеуге қатысты тәсілдердің көптігі бұл әлеуметтік құбылыстың күрделі және қарама-қайшылықты екендігін және топтастыру мен жүйелеудің әрқилы түрлерінің мүмкін екендігін көрсетеді.

Философиялық еңбектерде әлеуметтенуді адамның әлеуметтік сапаларды игеру, «био-дан» «социо-ға» өту процесі деп, қарайтын кең, абстракті түрде түсіну орын алады. «Әлеуметтену» ұғымымен қатар индивидтің әлеуметтік сапаларды қалыптастырғандығын көрсететін «тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы» деген ұғымның қолданылуы осының мысалы.

Этнографиялық зерттеулердің көптеген түрлері әлеуметтенуді инкультурация (немесе энкультурация) ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мұнда әлеуметтену ұрпақтар аралығында мәдениетті жеткізіп отырудың механизмі рөлін атқарады.

Әлеуметтенудің социологиялық анықтамаларында тұлғаның қалыптасуына тигізетін әлеуметтік факторлардың (рөлдер және мәртебелер, құндылықтар, талаптар, әлеуметтік институттар, т.б.) әсеріне ерекше көңіл бөлінеді. Психологиялық анықтамаларда дербестіктің қалыптасуына және адамдардың жекелік айырмашылықтарына акцент жасалынса, педагогикалық анықтамаларда әлеуметтену процесіндегі тәрбиенің рөлі қарастырылады.

Тұлғаның әлеуметтенуі деп оның қоғамға енуі арқылы сыртқы орта мен жекелік сапаларының әсерлерінің негізінде өзінің жекелік және әлеуметтік мәнін көрсетуін айтады. Осылайша, әлеуметтену процесінде тұлғаның әлеуметтік тұрғыдан дамуы ғана емес, сонымен қатар оның жекелік ерекшеліктерінің қалыптасуы да жүзеге асады.

Тұлға әлеуметтену процесінде қоғамдық қатынастардың субъектісі және объектісі ретінде қалыптасады.

Әлеуметтенудің мүдделер немесе бағыну принципіненегізделген механизмдерінің ерекшеліктеріне байланысты оның құралдарының қандай да бір түріне артықшылық беріледі. Тоталитарлық қоғам жағдайында бағыну принципіне негізделген әлеуметтенудің ақпараттық-білімдік құралдары идео-

логиялық, бір жақтылық сипатымен ерекшеленді. Ұйымдастыру-реттеу құралдары мемлекеттік тапсырыстың негізінде мемлекетке қажет адамдарды қалыптастырды. Сондықтан да өзін-өзі ұйымдастырушы жүйелердің орнына сыртқы факторлардың әсерімен қалыптасқан жүйелер орын алды. Барлық аталған құралдардың ішінде бақылау құралдары негізгі орында болды. Ал стимул беруші (ынталандырушы) құралдар көбінесе қоғам алдында шексіз қарыздарлық пен борыштарын сезінген адамдардың энтузиазмдерін көтеру мақсатын орындады. «Адам мақсат ретінде» – бұл әлеуметтенудің қазіргі үлгісінің түрі.

Қазіргі уақытта әлеуметтенудің бағыну үлгісімен қатар мүдделер принципіне қызығушылықпен қарау орын алуда. Өзін-өзі ұйымдастыра, бақылай, жетілдіре білетін тұлғаны қалыптастыру өзекті болып отыр. Ақпараттық-білімдік құралдар енді тұлғаның жан-жақты қалыптасуына қызмет етуге бағытталуда. Бақылау құралдарының көмегімен тыңдай білетін адамды ғана емес, өзін-өзі бақылай білетін жауапкершілігі бар адамды қалыптастыру да маңызды. Ынталандыру құралдары, негізінен алғанда, адамдардың белсенділіктерін, инициативасын көтеруге бағытталады.

Қазіргі кезеңде тұлғаның әлеуметтену процесінің әдістемелік негізі ретінде өзекті болып отырған концепциялардың қатарына виталистік, универсумдық концепцияларды жатқызуға болады.

Виталистік концепция бірінші орынға жекелік және әлеуметтік тұрғыдан қарастырғандағы тұлғаның субъектілік сапасын қояды. «Адамның өмірлік күші» және «өмірлік кеңістік» деген категорияларды басшылыққа ала отырып, бұл концепцияның жақтастары тұлғаның белгілі бір әлеуметтік кеңістікте және уақыт аралығында өмір сүру жағдайларына талдау жүргізеді. Бұл концепцияның түсіндіруі бойынша, тұлға әлеуметтенудің жеке және әлеуметтік субъектісі ретінде табиғи-биологиялық, психологиялық және әлеуметтік факторлардың нәтижесі болып табылатын өмірлік күші арқылы өзінің өмір сүріп отырған әлеуметтік ортасына, яғни өмірлік кеңістігіне сөзсіз әсерін тигізеді.

Универсумдық парадигма тұлғаның био-психоәлеуметтік мәнінің негізінде оның рухани жақтарына ерекше мән беруімен сипатталады.

Минималдық универсумға негізделген универсумдық парадигма әрбір дамып келе жатқан материалдық жүйені (оның ішінде тұлғаны да) бейнелеуге қажетті сипаттамалардың аз көлемін – екі элемент, үш деңгей, бес күй, жеті қабатты ұсынады. Универсумдық парадигманың

негізгі тұжырымдамаларына сәйкес, тұлғаның әлеуметтенуін адамның табиғи, әлеуметтік және рухани байланыстардың біртұтастығы ретінде әлеуметтік ортамен өзін белсенділікпен теңдестіруі және екі элементтің: сана мен санасыздықтың; үш деңгейдің: физикалық, астральдық (жан, эмоция сферасы) және менталдық (рух, ойлау сферасы) денелердің; бес кезеңнің: ертеректегі әлеуметтенудің, жалпы оқудың, кәсіби оқудың, әлеуметтік кемелденудің, өмірлік циклдің бітуінің; жеті қабатты (өзін) теңдестірудің: әлеуметтік-кәсіби, отбасылық-қауымдық, ұлттық-территориялық, діни-идеологиялық, эволюциялық-түрлік, жыныстық және рухани түрлерінің қатарлас жүруінің логикалық процесі ретінде анықтауға болады [1].

Универсумдық теорияның дамуына ерекше үлес қосқан В.Г. Немировский, минималдық универсум принципі «архетип», зерттеу объектісінің толықтырылған үлгісі, әрбір жүйенің даму процесінің жүзеге асырылу матрицасы ретінде қарастырады. Оның көзқарасы бойынша тұлғаның мәнін рационалдықпен қатар саналы түрде жасалынбайтын эмоционалдық мінез-құлық та сипаттайды.

Әлеуметтену процесінің мазмұны мен сипаты әлеуметтік-мәдени ортамен және тұлғаның жеке белсенділігімен тікелей байланысты. Бұл өзара байланыс үш деңгейде (қоғам, микроорта және жеке өмірлік тәжірибе) көрінеді. Әлеуметтену процесінде тұлға қоғамдық маңызды әлеуметтік-мәдени ақпараттарды, ал микроортада жақын топтардың құндылықтары мен талаптарын қабылдап, үшінші деңгейде бұл қабылданған құндылықтарды өзінің ішкі дүниесіне өткізуді жүзеге асырады.

Тұлғаның әлеуметтенуі қоғам мен жеке адамның әлеуметтенуінің бірігуінен құралады. Яғни, қоғам адамды қалыптастыратын болса, онда адам да қоғамды қалыптастырады. Тұлға қоғамға сөзсіз тәуелді. Ол қоғамсыз өмір сүре алмайды. Бірақ, оның өзіндік тәуелсіздігі бар ма? Керісінше әсердің болуы мүмкін бе? Әлеуметтену процесінің осы принципті, негізгі сұрағына жауап беруде әлеуметтанудың классиктері Э. Дюркгейм мен М. Вебер қарама-қарсы көзқарастарды жақтайды. Дюркгейм әлеуметтік шындықты жеке шындықтан жоғары тұратын автономды шындық ретінде қарастырады. Ол «жеке деректерге» «әлеуметтік деректерді», «жеке санаға», «ұжымдық сананы» қарсы қояды. «Ұжымдық түсініктерді жеке түсініктерден шығаруға болмайтындығы сияқты, қоғамды да жеке адамдардан, тұтасты бөліктерден, қиынды-қарапайымнан шығаруға болмайды»,

– деп есептейді [2]. Осы сұраққа байланысты М. Вебердің көзқарасы тікелей қарама-қарсы бағытты бейнелейді. Ол қоғамның дамуында жеке адамдардың іс-әрекеттеріне маңызды орын беретіндердің қатарында. М. Вебер әлеуметтік іс-әрекеттің субъектісі ретінде қоғамды немесе ұжымдықтың басқа да түрлерін қарастырған Дюркгеймнен айрықша, субъект ретінде жеке адамның саналы түрде алдына қойған мақсатына жетуге бағытталған іс-әрекетін айтады.

Тұлғаның әлеуметтену процесінің механизмдеріне танымдық, бейімделу, интеграциялық механизмдерді жатқызуға болады.

Т. Парсонс әлеуметтенудің маңызды механизміне тұлғаның өзін үлкендермен теңдестіре қарауын жатқызады. Осы мағынасында әлеуметтенудің танымдық механизмі ретінде еліктеу мен теңдестіруді қарастыруға болады. Әлеуметтенуді тұлғаның әлеуметтік жүйеге бейімделу процесі ретінде қарастыра отырып, Т. Парсонс бейімделу механизміне де басты назар аударады. Бейімделу Парсонс бойынша институционализацияланған құндылықтарды қоғамның күтіліміне сай қабылдау ретінде түсіндіріледі. Ол конформизмді индивидтің табиғатының, оның бейімделу мүмкіндігінің көрінісі ретінде қарастыра отырып, оны әлеуметтік жүйенің қалыптасу заңдылығы ретінде түсіндіреді. Әлеуметтенудің интеграциялық механизмдері оның көзқарасы бойынша, ынтымақтастықтың белгілі бір деңгейіне жетудің тәсілі ретінде қарастырылады.

Қазіргі уақытта тұлғаның субъектілік сапаларының өзектендірілуіне байланысты әлеуметтенудің бейімделу механизмдерінің қатарына инициативаны да жатқызған жөн. Мұның себебі бейімделуді әлеуметтенудің белсенді механизмі ретінде қарастырумен тығыз байланысты.

Синергетиканың әдіснамалық рөлінің күшеюі әлеуметтенудің интеграциялық механизмдері ретінде қолдау үлгісімен қатар қақтығысты қарастыруды талап етеді. Яғни бұл жерде қоғамдағы ынтымақтастықты қалыптастыруда қақтығыстардың да жағымды жақтарын, қызметтерін ескеру қажет. Тұлға қоғамға қақтығыстарға ұшырай отырып та ене алады.

Жоғарыда аталған әлеуметтенудің механизмдерінің мағынасын ашып көрсететін болсақ, онда олар төмендегідей ерекшеліктермен сипатталады.

Еліктеу – индивидтің өзі еліктеп отырған объектінің ерекшеліктері мен мінез-құлық үлгілерін айнытпай салуы.

Теңдестіру – теңдестіріп отырған топтың құндылықтарын саналы түрде қабылдау;

Бейімделу – пассивті бейімделу қылығын таңдау.

Адаптация – белсенді бейімделу позициясын таңдау.

Конформизм (конформдық мінез-құлық) – келісімге келу, субъектілік позициядан бас тарту.

Қолдау үлгісі – қалыптасқан әлеуметтік тәртіптерді қолдаудың әрқилы түрлері.

Қақтығыс – субъектінің өзінің позициясының қарама-қарсы тұрған жақпен сәйкессіздігін сезінуі.

Әлеуметтенуге «оқу» деген терминнен гөрі «игеру» деген термин көбірек сәйкес келеді. Өзінің мазмұны жағынан бұл термин кеңірек және оқуды өзінің бір бөлігі ретінде қамтиды. Әлеуметтену адамның биологиялық түрден әлеуметтік түрге айналуын түсіндіреді. Бұл жерде әлеуметтік орта шешуші рөлге ие болады. Әлеуметтену процесі екі кезеңнен тұрады: біріншісі, адамның қоғамдық өмірге араласуы арқылы жеке әлеуметтік рөлдерді орындауы. Т. Парсонстың көзқарасы бойынша, жанадан дүниеге келудің өзі белгілі бір әлеуметтік рөлді орындауға жатады. Екіншісі, адамның туғанынан бастап өлгеніне дейін созылатын әлеуметтік бақылау. Бұл – қоғамда тепе-теңдікті қамтамасыз ететін құрал.

Енді бірқатар ұғымдарды «әлеуметтену» ұғымымен салыстыра қарастырайық. «Әлеуметтену», «тұлғаның дамуы» деген ұғымдарды қарастырсақ, бұлар жеке адам мен ортаның белсенді түрде өзара байланысуын және адамның дамуының бір ғана кезеңін емес, бүкіл өмірін қамтитын, әлеуметтік сапаларды қалыптастыру процесі, – деген анықтама берсек те, бұл ұғымдарды теңдес деп есептей алмаймыз. «Әлеуметтену» ұғымы «тұлғаның дамуы» ұғымымен салыстырғанда нақтырақ, өйткені ол адамның бойында сол өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік жүйенің тарихи типіне сай қасиеттердің қалыптасуын бейнелейді. «Әлеуметтену» және «тұлғаның дамуы» ұғымдарының айырмашылығы, біріншісі, адамның әлеуметтік жақтарын, ал екіншісі, әлеуметтік, сонымен қатар биологиялық жақтарын да бейнелейтіндігінде емес. «Әлеуметтену» ұғымы «тұлғаның дамуы» ұғымынан көлемі арқылы емес аспектісі арқылы ерекшеленеді. Атап айтқанда, адамның белгілі бір нақты қоғамда дами отырып, нақты сипаттамалар арқылы ерекшеленуін көрсетеді. Сонымен қатар «тұлғаның қалыптасуы» және «тұлғаның әлеуметтенуі» деген ұғымдарды да ажырата білген жөн. В.В. Москаленконың түсіндіруі бойынша, «тұлғаның қалыптасуы» ұғымы оның қалыптасуының және дамуының аяқталғандығын, кемелденгендігін бейнелейтін болса, онда «әлеу-

меттену» ұғымы адамдағы әлеуметтік сапалардың кемелденгендігін, жетілгендігін ғана емес, жаңа байланыстар жүйесіне тұлғаның енуімен олардың әрі қарай да өзгерістерге ұшырап отыратындығын бейнелейді. «Әлеуметтену» ұғымы «қалыптасу» ұғымымен салыстырғанда тұлғаның дамуының неғұрлым жалпы процесін қамтиды. Тағы да бір тоқталатын мәселе – бұл «әлеуметтену» және «тәрбие» ұғымдарының арақатынасы. Соңғысы алдыңғысымен салыстырғанда мағынасы жағынан тарлау, өйткені мұнда тұлғаға сыртқы әсерлердің тигізетін рөлін анықтауға, берілген процестің мақсатты түрде бағытталғандығын көрсетуге көп мән беріледі. Бірақ бұл ұғымдар мағынасы жағынан бірін-бірі толықтырып тұрады. Әлеуметтену өзіне әлеуметтік тұрғыдан бақыланатын мақсатты бағытталған процестерді (тәрбие) де, сонымен қатар тұлғаның қалыптасуына әсер ететін стихиялық, спонтанды процестерді де қамтиды. Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерде әлеуметтенудің бағытталған және бағытталмаған түрлерін ажыратады. Бірінші түрге, қоғамның мақсатына, оның «әлеуметтік тапсырысына» сәйкес тұлғаны қалыптастыру үшін арнайы түрде жасалған әсер ету құралдарының жүйесін жатқызуға болады. Әлеуметтенудің бағытталмаған түрі қоғамдық қатынастардың сипатына байланысты келеді. Стихиялық әлеуметтену – жеке адамның тікелей өмір сүріп отырған ортасына сәйкес келетін әлеуметтік дағдылардың белгілі бір түрлерінің «автоматты» түрде қалыптасуы.

Қазіргі тұлғаның әлеуметтенуі түрлі өлшемдер: әлеуметтік қатынастар жүйесіне кіру деңгейі арқылы, тұлғалық және әлеуметтік мүмкіндіктерін жүзеге асыру деңгейі арқылы және өз өмірін жетілдіру жағдайларына байланысты бағаланады.

Аталған өлшемдер бойынша әлеуметтену көрсеткіштері тұлғаның қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесінде алатын орны, жекелік сапасы мен әлеуметтік мәртебесі, қоғамдық-саяси іс-әрекетке қатысуы, отбасылық-тұрмыстық сферадағы жағдайы арқылы көрінетін әлеуметтік қасиеттері болып табылады.

Нақтырақ тұрғыдан қарастырғанда тұлғаның әлеуметтену өлшемдерінің танымдық, мінез-құлықтық, мотивациялық және рефлексивті түрлерін бөліп көрсетуге болады.

Танымдық өлшем тұлғаның әлеуметтік өзара қарым-қатынастар құндылығы туралы және өзіндік құндылықтар жүйесінің қалыптасу дәрежесі туралы білу деңгейін сипаттайды.

Мінез-құлықтық өлшем тұлғаның басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу қабілетін, қа-

рым-қатынас тәсілін сипаттайды.

Мотивациялық өлшем тұлғаның өзінің дамуына саналы тұрғыдан келуін көрсететін негізгі мотивтер жүйесі арқылы айқындалады.

Рефлексивті өлшем әлеуметтену процесінде тұлғаның өзіндік шығармашылық дамуын сипаттайды.

Әлеуметтенудің мазмұны, негізгі бағыттары және механизмдері қоғамның дамуының экономикалық, әлеуметтік-саяси және мәдени факторларымен, отбасының өмір тіршілігімен, мектептің мақсаттары мен міндеттері арқылы анықталады.

Қоғамда өзінің сипаты мен мазмұны жағынан әрқилы болып келетін қоғамдық әрекеттердің түрлері жүзеге асырылады. Бұларға өндірістік-экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық, саяси, діни, эстетикалық, т.б. жағады. Бұлардың әрқайсысының өзінің әлеуметтік кеңістігі бар. Қоғамдық іс-әрекеттердің негізінде қоғамдық өмірдің түрлі сфералары қалыптасады. Қоғамдық өмірдің негізгі сфераларына экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқаларын жатқызады.

Қоғамдық өмірдің негізгі салалары әлеуметтенудің экономикалық, саяси, құқықтық, рухани және әлеуметтік сияқты түрлі типтерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Тұлға әлеуметтену процесінде әлеуметтенудің бүкіл типтерінің диалектикалық біртұтастығын айқындайтын, өмір сүрудің негізгі бағыттарын бейнелейтін әлеуметтенудің комплексті жүйесіне енеді. Соңғы уақыттарда тұлғаның әлеуметтену процесін зерттеудің сферасы едәуір кеңейтіліп келеді. Сондықтан да бізге танымал әрі дағдылы болып қалған әлеуметтенудің дәстүрлі мәселелері ретіндегі саяси әлеуметтену, отбасындағы әлеуметтену, діни әлеуметтену және әлеуметтенудің басқа да түрлерімен бірге тұлғаның жаңа экономикалық үлгісінің қалыптасуын айқындайтын экономикалық әлеуметтену өзекті болып отыр.

«Экономикалық әлеуметтену» термині Қазақстанда нарық қоғамының басталуы жағдайында, яғни XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында пайда болды. Экономикалық әлеуметтену қоғамның экономикалық өміріне қатысу мақсатымен экономикалық білімдерді, құндылықтар мен мінез-құлық үлгілерін қабылдау, тұлғаның экономикалық ойлауын, мінез-құлқын және мәдениетін қалыптастыру процесі ретінде қарастырылады.

Тұлғаның экономикалық әлеуметтенуінің қазіргі мәселелері өзінің сипаты мен мәні, мазмұны жағынан алыс емес өткен шақта орын алған экономикалық әлеуметтену процестерімен ерек-

шеленеді. Қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында тұлғаның экономикалық тұрғыдан әлеуметтенуі, негізінен алғанда, экономикалық институттардың мүмкіншіліктеріне ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаның қабілеті мен еркіне, жалпы мәдениетіне де байланысты болады. Ескі әлеуметтік институттардың жойылуына байланысты тұлғаның, топтардың, қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырып отыратын әлеуметтенудің жаңа технологияларын ендіріп отыру өзекті болып отыр. Бұл технологиялар әлеуметтік институттардың іс-әрекетін жаңа заманның талаптарына сай өзгертуге, тұлғаның жаңа экономикалық үлгілерінің қалыптасуына алғы шарттардың жасалуына мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде бүкіл әлемнің жаңа, сапалы технологиялар сатысына көтерілуі адамдық капиталды бағалап, дамытып отыруға мүмкіндік беретін елдердің ғана жоғары дамығандар қатарына кіретіндігін көрсетеді. Нарықтық қатынастар жағдайында қоғамдағы барлық экономикалық және саяси процестер тұлғаның мүддесі мен қажеттіліктері, мотивтері және іс-әрекеттері, сезімдері, қабілеті мен мүмкіншіліктері тұрғысынан қарастырылуы тиіс.

Әрбір қоғам нарықтық қатынастар жағдайында қоғамға қарсы бағытталған күштер тарапынан болатын үстемдік пен алдап-арбау сияқты әрекеттер жазықтығына айналумен өзін қауіпсіздендіріп отыруы тиіс. Бәрінен бұрын экономикалық мінез-құлық әділеттілік өлшеміне негізделіп, адамгершілік-этикалық талаптарға сай жүзеге асырылуы тиіс.

Француз социологы Э. Дюркгейм өзінің «Қоғамдық еңбек бөлінісі» деген еңбегінде экономика саласындағы процестердің адамгершілік принциптермен, моральмен байланыстылығы мәселесіне зор мән беріп, «егер де біз бүкіл уақытымызды алатын іс-әрекетпен айналысу барысында, тек қана өз пайдамыздан басқа еш нәрсені ойламасақ, онда пайдакүнемдікке салынбаушылық, өз ісіне жантәнімен берілгендік сияқты қасиеттер қалай пайда болады?» – деп сұрақ қояды.

Тұлғаның экономикалық әлеуметтенуіндегі ең маңызды мәселелердің бірі – тұлғаның еңбекке деген жаңаша көзқарастарын, құндылықтарын, мотивациясын қалыптастыру. Еңбекті биологиялық өмір сүру құралынан қоғамдық қажеттілік үшін жүзеге асырылатын дәрежеге жеткізу қажет. Қазіргі кезеңде еңбектің қоғамдық сипатының әлі де дұрыс дамымағандығы оны тауарлық-ақшалық қарым-қатынастар деңгейінде қалдырып отыр. Тоталитаризм практикасы қоғамдық өмірдегі

құндылықтардың көп түрлілігінің әлеуметтік негізін, мотивациялық бағдарлардың жекелік ерекшеліктерін жоққа әкеп тіреді.

Қазіргі уақытта іскер адамдар (кәсіпкерлер) нарықтың әрқилы түрлерін жасап, тұлғаның экономикалық әлеуметтену үлгісін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлер қазіргі уақытта экономикалық мінез-құлықтың инновациялық үлгісінің мысалы бола алады. Олар өздерінің іс-әрекетін жетілдірумен айналысады.

Кәсіпкер іскер адамның сипаттамалары қандай?

1. Тәуелсіздік. Тікелей өз бетімен шешім қабылдайтын адам.

2. Жаңашылдық. Эксперименттерден қорықпайтын, мәселелерді шешуге жаңашылдық тұрғысынан келетін адам.

3. Сауаттылық. Өзінің айналысатын сферасын өте жақсы білетін, сауатты адам.

4. Этикалық мінез-құлық. Этика мен моральдың принциптерін ұстанатын.

5. «Бәрін уақытында жасау» принципін басшылыққа алатын адам.

Іскер адамдарға келесі мотивтер тән:

- табыс алуға бағытталу;
- дербестікке, жауапкершілікке ұмтылу;
- әлеуметтік мәртебесін көтеруге ұмтылу;
- шығармашылыққа, жаңашылдыққа, тәуекелге бел бууға бағыт алу;
- қоғамның экономикалық дамуына қамқор болу.

Саяси әлеуметтену тұлғаның саяси тәжірибені, саяси іс-әрекет пен саяси қатынастардың талаптарын, құндылықтарын және бағдарларының белгілі бір жүйесін белсенді түрде қайта өндіру процесі ретінде түсіндіріледі. Шын мәнінде, бұл – ұрпақтан-ұрпаққа саяси құндылықтар, талаптар және мінез-құлық үлгілерін жеткізіп отыру процесі.

Саяси әлеуметтену ұғымы екі мағынада қолданылады. Біріншіден, индивидтің саяси жетілу процесін, оның саяси «Менінің» қалыптасуын, саяси өмірге өзіндік көзқарастарын, өзіндік саяси бағдарын қалыптастыруды білдіреді. Екіншіден, саяси көзқарастарды, идеяларды, түсініктер мен талаптарды, саяси мәдениетті бір ұрпақтан екінші ұрпаққа, бір әлеуметтік топтар мен қауымдастықтардан екіншісіне жеткізу процесін білдіреді. Осылайша, екі жағдайда да саяси әлеуметтену – түрлі деңгейде жекелік және қоғамдық түрде жүзеге асырылатын жалпы, біртұтас процесс. Осы екі деңгейге қатысты саяси әлеуметтенудің екі түрі – жекелік және қоғамдық туралы айтуға болады.

Құқықтық әлеуметтену – индивидтің жалпы әлеуметтенуінің бір бөлігі, бір түрі. Құқықтық әлеуметтену процесінде индивид құқықтық сауаттылыққа үйреніп, құқықтық білім негіздерін игеріп, өзінің құқықтық мінез-құлқын практикада қолдануға дағдыланып, құқықтық мәдениеттің белгілі бір деңгейін қалыптастырады. В.Н. Кудрявцев пен В.П. Казимирчуктің көзқарастары бойынша, құқықтық әлеуметтену тұлғаны әлеуметтік-құқықтық қатынастарға тартып, саяси және құқықтық талаптарға, құндылықтарға араластыру, жекелік құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастыру процесі [3]. Тұлғаның рухани әлеуметтенуі адамдардың түрлі рухани құндылықтарды жасау, сақтау, тарату және қабылдауына қатысты қатынастардың қалыптасуы негізінде жүзеге асады. Бұл – тұлғаның мораль мен адамгершілік, этикалық пен эстетикалық сенімдеріне, түсініктеріне сәйкес құндылықтарды, талаптарды, мінез-құлық үлгілерін қабылдау процесі. Рухани құндылықтар ретінде білім, мінез-құлықтың моральдық талаптары, адамның жақсылық, ақиқаттық, әдемілік, тәртіптілік жөніндегі түсініктері қарастырылады. Бір сөзбен айтқанда, бұлардың барлығы қоғамдық өмірдің рухани мазмұнын құрайды. Тұлғаның мәдени-адамгершілік, интеллектуалдық, моральдық, этикалық және эстетикалық мінез-құлқының белгілі бір деңгейі оқу тәрбиелік және мәдени мекемелер арқылы, яғни әлеуметтік жүйенің институттары арқылы қамтамасыз етіледі. Осы айтылғандардың барлығы тұлғаның әлеуметтік әлеуметтенуі туралы мәселеге алып келеді. Көп жағдайда әлеуметтік әлеуметтену В.Г. Немировский мен Д.Д. Невирко, С.В. Гришаевтің көзқарастары бойынша, тұлғаның әлеуметтену процесі болып табылады [1].

Әлеуметтену процесі барысында тұлға әлеуметтік қатынастардың күрделі жүйесіне еніп, берілген қоғамның мәдениетін көрсететін құндылықтарды, талаптарды, мінез-құлық үлгілерін қабылдап, әлеуметтік қатынастардың пассивті ғана емес, сонымен қатар белсенді субъектісіне айналады. Жоғарыда аталған әлеуметтенудің типтері жалпы әлеуметтенудің органикалық бөліктері ретінде, бөлік пен тұтастық қарым-қатынасында болады.

Қазіргі уақытта «әлеуметтену» ұғымы қоғамда болып жатқан әртүрлі жағдайға байланысты бірқатар өзгерістерге ұшырап отыр. Осыған орай әлеуметтенудің жеке түрлерінің қалыптасып отырғандығын айту қажет. Әлеуметтенудің агенттерінің негізінде отбасылық, еңбектік, кәсіби, діни түрлерін; жас ерекшелік айырмашылықтарына

қарай балалар, жастар, ересектер және кәрі адамдар әлеуметтенуін; субъектілері негізінде гендерлік, этникалық және азаматтық түрлерін бөліп көрсетуге болады.

Отбасы әлеуметтенудің бірінші, негізгі агенті болып табылады. Оның өмірі өз мүшелерінің белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты. Отбасының қызметтері қоғамдық қажеттіліктердің сипатымен де байланысты болады. Қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өзгерістер отбасының қызметтеріне де ерекше өзгерістер алып келді. Мысалы, соңғы уақытта отбасының алғашқы бақылауды жүзеге асыру қызметі үлкен өзгерістерге ұшырап, отбасылық-некелік қатынастар сферасында ауытқыған мінез-құлық үлгілеріне шыдамдылықпен қарау (некеден тыс бала туу, ерлі-зайыптылардың бір-біріне тұрақты болмауы, т.б. осы сияқты келеңсіз жағдайлар) орын алды. Ажырасу әдеттегідей үйреншікті жағдай ретінде қабылданатын болды.

Отбасылық әлеуметтену – бұл тұлғаның іс-әрекетін отбасында қабылданған дәстүрге сәйкес мінез-құлық үлгілерінің, талаптардың негізінде белгілі бір стандартқа сай дамыту. Тұлғаның қалыптасуында балалар мен ата-аналар қарым-қатынасының тәжірибесі ерекше рөл атқарады. Отбасында адамгершілік-этикалық, діни, еңбектік тәрбиенің негіздері қаланады.

Тұлғаның әлеуметтенуіне маңызды агент ретінде еңбек те үлкен әсерін тигізеді. Еңбектік әлеуметтену – қоғамдық маңызы бар еңбекпен айналысу барысында тұлғаның еңбек дағдыларын, тәжірибесін және дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыратын процесс. Қазіргі уақытта «еңбек» ұғымымен қатар «жұмысбастылық» ұғымы да кеңінен қолданылып келеді. Адамның басты құқықтарының бірі – еңбек ету құқығы және бұл, негізінен алғанда, әлеуметтік кепілдігі бар жұмысбастылықты қамтамасыз ету арқылы жүзеге асады. Жұмыссыздықтың әсерінен әлеуметтік байланыстардың үзілуі тұлғаның девиантты мінез-құлқының кеңінен таралуына алып келеді. Сондықтан да жұмысбастылық қазіргі кезеңде тұлғаның әлеуметтенуінің негізгі факторы болып табылады. Жұмысбастылық мәселесінің өзектендірілуі еңбектік әлеуметтену ұғымымен қатар кәсіби әлеуметтену ұғымының қалыптасуына алып келді.

Еңбекке қатынас тұлғаның кәсіби бейімделуінің өлшемі болып табылады. Еңбекке қызығушылық келесі қажеттіліктер негізінде қалыптасады.

– еңбекке адамның шығармашылық мүмкін-

шіліктерін жүзеге асырудың көзі ретінде қарау қажеттілігі;

– материалдық және рухани игіліктерге қатысты қажеттілік;

– қоғамда танылуға деген қажеттілік [4].

Кәсіби әлеуметтену процесінде адам осы кәсіби ортаға кіретін басқа адамдармен міндетті түрде қоғамдық байланыстарға түседі.

Қоғамдағы реформалық өзгерістер «кәсіби өсу», «кәсіби даму», «кәсібилену», «кәсіби қалыптасу» сияқты ұғымдарды өзектендіреді. Кәсіби әлеуметтену белгілі бір еңбек мотивтері, құндылықтар және мүдделер негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы, дамуы және өсуі жүзеге асатын процесс.

Дін қоғам мен тұлғаның өмірінде маңызды әлеуметтендіру қызметін атқарады. Діни әлеуметтену – тұлғаның діни түсініктерді, сенімдерді және адамның әлеуметтік, рухани сапасын қалыптастыратын діни ілімдердегі адамгершілік, этикалық, эстетикалық мінез-құлықтың негізгі принциптерін басшылыққа алу негізінде даму процесі. Дін – тұлғаның адамгершілік мінез-құлқының негізгі өлшемдерін анықтайтын қоғамның маңызды мәдени потенциалы.

Жас ерекшелік те тұлғаның әлеуметтенуінің сипатын және бағыттарын анықтайтын фактор болып табылады.

Түрлі жас ерекшелік топтарының әлеуметтенуі (балалардың, жастардың, ересектердің және қарттардың) төмендегідей ерекшеліктермен сипатталады.

Балалар жеткілікті деңгейде тәжірибелері де жоқ, ересектерге тәуелді қоғамның әлсіз деңгейде бейімделген және қорғалған топтарының қатарына жатады. Психикалық құрылымы тұрғысынан толық қалыптасып үлгермегендіктен олар түрлі әсерлерге, тіпті келеңсіз жағдайларға да тез ұшырап қалып жатады. Әлеуметтік орта баланың дамуына жақсы әсер етіп оның көңіл-күйінің көтерілуіне немесе даму процесінің тежелуіне әкелетін фактор болуы да әбден мүмкін. Балалар әлеуметтенуі – бұл, негізінен алғанда, оқыту мен тәрбиелеудің басты үлгісінің негізінде баланы ересектер әлеміне кіруге дайындайтын процесс. Осының негізінде әлеуметтік жетістіктер мен даму жолдарын болжау жүзеге асырылады.

Жастар әлеуметтенуі – бұл жас адамның қоғамның мәдени құндылықтарын белсенді қабылдауы, әлеуметтік өмірге қатысты білімдер мен тәжірибелерді толықтыру процесі.

Ересектер әлеуметтенуі өмірлік құндылықтарды, көзқарастарды қайта бағалау, тұрақты

өзіндік позицияны бекіту, үлкен өмірлік тәжірибені жинақтау процесі. Жаңа құндылықтарды, көзқарастарды игеруге қатысты қайтадан әлеуметтену (ресоциализация) процесі осы кезеңге тән. Неліктен қайтадан әлеуметтену ересектер өміріндегі маңызды кезең ретінде қарастырылады? Өйткені жаңа құндылықтарды қабылдау жастар үшін ешқандай қиын емес, бұл өздігінен жүзеге асырылатын процесс сияқты, ал ересектер болса жаңа құндылықтарды қабылдауға саналы тұрғыдан келеді.

Кәрілік шақта әлеуметтену процесі толық аяқталып қалмай, жалғаса береді, сөйтіп, кәрі кісілер арасында биологиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тұрғыдан да болатын айырмашылықтарға алып келеді. Сонымен бірге әлеуметтік орта (экономикалық және әлеуметтік институттар, отбасы, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі) уақытынан бұрын қартаюға алып келетін немесе қартаюды тоқтатағын фактор ретінде бола алады. Қарт адамдар әлеуметтенуіне тән нәрсе бұл олардың бұрын қабылданған құндылықтар мен талаптарды сақтап қалуға тырысуы, әлеуметтік шындықтың талаптарына сырттай ғана бейімделу арқылы терең интериоризация процесін қабылдамауы. Субъектілердің ерекшеліктері мен маңызды сипаттамалары да әлеуметтену процесінің мазмұнын анықтайды. Осыған орай, әйелдердің, ерлердің, этностардың, азаматтардың әлеуметтену ерекшеліктерін қарастыруға болады.

Әлеуметтену процесінде гендерлік қатынастар тәжірибесін игеру және оны саналы түрде түсіну деңгейі де ерекше рөл атқарады. Гендерлік әлеуметтену – бұл индивидтердің өз биологиялық жынысына сәйкес әйелдің немесе ер кісінің мәдени мінез-құлық үлгілерін игеру процесі [5].

Әйелдің немесе ер кісінің мінез-құлығын қалыптастыруда қоғамда қалыптасқан мәдени стереотиптер де үлкен рөл атқарады.

Этномәдени жағдайлар немесе этнос та өзінің психикалық күйіне қарай тұлғаның әлеуметтену процесіне әсерін тигізеді. Ол ғасырлар бойы табиғи, климаттық, экономикалық, әлеуметтік, діни және басқа да жағдайлардың әсерімен қалыптасты. Этникалық әлеуметтену – адамның бойында сол өзі өсіп, дамып отырған этникалық топқа тән мінез-құлық үлгілерін, құндылықтар мен дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыратын процесс.

Қазіргі уақытта азаматтық құндылықтардың өзектендірілуі азаматтық әлеуметтену ұғымын қалыптастырды. Азаматтық әлеуметтену – әрбір индивидтің қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптасуына мүмкіндік беретін белгілі

бір білімдер жүйесін, талаптар, құндылықтар мен дәстүрлерді еңбектік, саяси және құқықтық өмір сүру сфераларынан қабылдау процесі. Азаматтық әлеуметтенудің мазмұны:

1) жас адамға бір немесе бірқатар кәсіптер бойынша білімдер жүйесін, еңбек дағдысын және тәжірибесін игеруге мүмкіндік беретін кәсіби әлеуметтенуден;

2) әрбір жас азаматтың өзінің құқықтары мен міндеттерін білуіне, жастар арасында құқықтық нигилизмді жоюға қарсы бағытталған құқықтық әлеуметтенуден;

3) мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруда, әрбір индивидтің өз құқықтары мен еркіндіктерін қорғауға байланысты белсенділіктерін көтеруге бағытталған саяси әлеуметтенуден тұрады.

Қазіргі уақытта әлемдік жаһандану процесі тұлғаның әлеуметтену жағдайларына үлкен әсерін тигізуде. Жаһандық мәселелер жалпыадамзаттық сипатқа ие болып, ғаламдық масштабта көрінуімен, кешенділігімен және динамизмімен ерекшеленеді.

Қазақстан қоғамында жаһандық процестердің әсерінен тұлғаның теңдестіру дағдарысымен байланысты ситуация қалыптасты. Өз этносының мәдени үлгісінің жеткіліксіздігі жағдайында басқа мәдениеттердің құндылықтарына баса назар аударып, индивид өзіндік мәдени теңдестіруін жоғалтып алды. Өз халқының дәстүрлі мәдени құндылықтарын ұмытып, жасанды теңдестірумен айналысып, маргиналдық күйге түсті. Сондықтан да Қазақстан социумының ұлттық мүддесі мен діліне сәйкес келетін тұлғаның әлеуметтенуінің жаңа концепцияларын қалыптастыру маңызды болып табылады. Этносаралық және конфессия аралық келісім мен диалогты нығайту, азаматтардың бір-біріне деген толеранттық қарым-қатынасын қалыптастыру үшін этникалық қауымдастықтардың психологиясы мен ділінің ерекшеліктерін меңгерген жөн.

Қазіргі кезеңде бұқаралық ақпарат құралдары және компьютер Қазақстан қоғамының қоғамдық және саяси өмірінде үлкен рөл атқарады. Олар жаңа ақпараттық технологиялардың негізін қалап, адамның өмір сүруінің түрлі сфераларында қолданылып, өзінің тұтынушыларына үлкен мүмкіндіктер жасауда. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар азаматтардың өсіп келе жатқан ақпараттық қажеттіліктерін толығымен қамтамасыз етіп, әлемдік ақпараттық ресурстарды пайдалануға мүмкіндіктердің ашылуына жағдай жасап отыр. Жаңа ақпараттық технологиялар адамдық потенциалдың даму көрсеткіштерінің жақсаруына,



мысалы, өмір сүрудің ұзаруы және шығармашылық белсенділіктің көтерілуіне алып келуде.

Бұл мәселенің екінші жағы ақпараттық технологиялардың тұлғаның әлеуметтену процесінің құралы ретінде Қазақстанның барлық азаматтарына бірдей деңгейде қол жетерліктей болмауы. Ауылдық жерлер әлемдік ақпараттық алмасуға толығымен қатыса алмай отыр.

Жаһандану, индустриализация және урбандану процестері қазіргі адамның ойлау технологиясына жағымды ғана емес, сонымен бірге жағымсыз тұрғыдан да әсер етіп, тұлғаны тәрбиелеудегі дәстүрлі, ұлттық құндылықтардың рөлінің төмендеуіне, қазақтардың мәдени теңдестіруінің бұзылуына алып келуде. Әлеуметтенудің жаңа әлеуметтік технологиялары тұлғаның әлеуметтенуіне жаһан-

данудың (компьютеризация, адамның ақпараттық деңгейінің көтерілуі, коммуникация құралдарының дамуы, көпшілік мәдениетінің әсері, *т.б.*) және ұлттық-мәдени дамудың, дәстүрлі, ұлттық құндылықтардың тигізетін әсерін есепке алып отыруы тиіс.

Ақпараттық-басқару немесе жобалау технологияларының әсерімен қалыптасатын қазіргі адамның ойлау технологиясы пайда болып отырған мәселелерді жүйелік, жаһандық, перспективалық тұрғыдан, тұтасымен көруге бағытталған. Қоғамның, жалпыадамзаттық құндылықтардың позициясын ескеру мұндай ойлаудың бір бөлігі. Алайда жаһандық ойлау адамның мәселелерді аймақтық тұрғыдан шешуіне кедергі келтірмейді тиіс.

#### Литература

- 1 Немировский В.Г., Невирко Д.Д., Гришев С.В. Социология: классические подходы к анализу социальной реальности. – М., 2003. – 555 с.
- 2 Дюркгейм Э. Социология и теория познания // новые идеи в социологии. – СПб., 1914. – С. 38
- 3 Кудрявцова В.Н., Казимирчук В.П. современная социология права. – М.: Юрист, 1995. – 300 с.
- 4 Садырова М.С. Индикаторы профессиональной адаптации // Глобализация и вопросы социологической адаптации. Материалы II конгресса социологов Казахстана, Астана, 8 июля 2005. – Астана, 2005. Ч.1. – С. 226.
- 5 Linda L. Lindsey, Stephen Beach. Sociology: social life and social issues. - Prentice Hall, Upper Saddle River, New Jersey 07458. – 2000. – 733 p.

#### Әдебиеттер

- 1 Nemirovskiy V.G., Nevirko D.D., Grishev S.V. Sotsiologiya: klassicheskie podhody k analizu sotcial' noi real' nosti. – М., 2003. – 555 s.
- 2 Durykgeim E. Sotciologiya i teoriya poznaniya// Novye idei v sotsiologii. – SPb., 1914. – S.38.
- 3 Kudryatsova V.N., Kazimirchuk V.P. Sovremennay sotsiologiya prava. – М. Yurist, 1995. – 300 s.
- 4 Sadyrova M.S. Indikatory professional' noy adaptatsii// Globalizatsiya i voprosy sotsiokul' noi adaptatsii: Materialy II kongressa sotsiologov Kazahstana, Astana, 8 iyulia 2005 g., – Astana, 2005. – Ch. 1. – S.226.
- 5 Linda L. Lindsey, Stephen Beach. Sociology: social life and social issues. - Prentice Hall, Upper Saddle River, New Jersey 07458. – 2000. – 733 p.